



# Наймандар, Керейттер және Жалайырлар туралы жалпы түсінік.


Орындаған: Ахмаджанов Одил  
Курс:1

# Жоспар:

- Наймандар, Керейттер және Жалайырлар туралы жалпы түсінік.
- Наймандардың пайда болу тарихы.
- Керейттердің пайда болу тарихы.
- Жалайырдің пайда болу тарихы.
- Олардың шаруашылық-экономикалық құрылысы.
- Көрші халықтармен езара қатынастары.

# *Наймандар, Керейттер және Жалайырлар туралы жалпы түсінік.*

Наймандардың, керейіттердің, жалайырлардың ертеректегі мемлекеттері — Орталық Азияның шығысында — Қазақстанға шектесіп жатқан моңғолия аумағында пайда болса да, олардың тарихының Қазақстан тарихына тікелей қатысы бар. Көшпелі мемлекеттіліктің бастаулары Орталық Азияның нақ шығысында жатыр, ежелден Қазақстанның өз жерінде мекендеген халықтар мен тайпалардан басталатын дәстүрлермен қатар олар кейіннен қазақ мемлекеттілігіне тән болды.




# Қазақстан



*Наймандар, Керейттер және  
Жалайырлар – орта жүзге кіреді.  
Олардың жалпы территориясы.*


# Наймандар.

Қазақ халқының шежіре деректері бойынша наймандар Орта жүзге кіреді. Найман деген сөз туралы да әр түрлі сөз бар. Профессор Березин «найман деген сөз - мағол тілінше сегіз деген сөз, сегіз ру ел болғандықтан айтылған» дейді. Наймандардың жалпы территориясы.






Қазақ халқының құрамындағы наймандардан: терістаңбалы (кейде елата), [сарыжомарт](#) (ергенекті найман), төлегетай деген рулар бірлестіктері тарайды. Терістаңбалыдан: [мәмбет](#), [рысқұл](#); сарыжомарттан: [балталы](#), [бағаналы](#), [көкжарлы](#), [бура \(Найман\)](#), [қаратай](#); төлегетайдан: [қаракерей](#), [мұрын](#), [төртуыл](#), [матай](#), [аталық](#) (кейбір деректерде кенже), [садыр](#). Келесі бір шежіре нұсқасында наймандардан тоқпан, елата, өкіреш таратылады. Елатадан: [келбұға](#) мен [кетбұға](#); өкірештен: [төлегетай](#) және сүгіріш; төлегетайдан: қаракерей, төртуыл, садыр, матай тарайды. Сүгіріштен: ертекті, бағаналы, балталы; ертектіден: көкжарлы, сарыжомарт, бура рулары тарайды. Әр рудың өз рулық таңбасы мен ұраны бар. наймандардың ортақ таңбасы – Ү (бақан), ұраны – [Қаптағай](#).



Найман туралы деректер оны әуелде Хинганнан Қарпатқа дейін созылып жатқан Ұлы Даланың Ертіс пен Орхон өзендері аралығында ежелден көшіп жүрген тайпалар қатарында таниды. Ол – сонау жыл санауымызға дейінгі екінші ғасырлардан бастап дәуірлеп, Орта Азиядан Сары өзенге дейінгі байтақ аймақты жайлаған Хунну (ғұн) ұлысының, біздің жыл санауымыздың бастапқы ғасырларында қытай жазбаларында «теле» деген атпен әйгеленген байырғы киіз туырлықты қандас тайпалар қауымдастығының кесек бір сынығы. Әбілғазы жазуынша: «Наймандар – көне жұрттардың бірі, малы мен басы көп өскен халық Бірсыпыра ғалымдардың дәлелдеуінше, «оғұз» сөзінің көне Түрк тіліндегі бір мағынасы тайпа дегенге келеді. («оқ» - тайпа, «з» - жиынтық сан есім). Ал «найман» моңғолша сегіз деген сөз. Сегіз оғұз жұртын әуелі «найман аймақ» («сегіз тайпа») деп X ғасырда моңғол тілдес қидандар атай бастаған екен.




Кейіннен моңғол империясының дүниеге келіп дәуірлеуі, бұл сөздің негізгі атау орнында қолданыла бастауына одан әрі жағдай жасаған еді. Зерттеушілер бұл тайпа X ғасырдан «найман» деп атала бастаса да, XIII ғасырға дейінгі бұрынғы «сегіз» аты да қосарлана байқалып келгенін де ортаға тартады. Кезінде Жапон теңізінен Шығыс Түркістанға дейінгі байтақ өңірді қоластына бағындырып, наймандарға да біраз уақыт билік жүргізген Лияу әулетінің (Ұлы Қидан мемлекеті тарихы туралы жазылған жылнамаларда (X ғасыр) наймандар батысында (Ертістен ары) қанлы, қыпшақ, шығысында (Орхон, Тола және Оңғын өзенлерінің алқабы) керей, меркіт, теріскейінде (Селеңгеннің салалары) қырғыз, оңтүстігінде ұйғыр, таңғұттармен шекаралас, қоңсылас болғаны айтылады.



# Керей

<b><u>Ұраны</u></b>	Ошыбай, Абақ, Жәнібек, Сартоқай
<b>Лақап атауы</b>	Керейт
<b>Шығу тегі</b>	Байқұтанның баласы, <b><u>Уақтың</u></b> інісі
<b>Жүзі</b>	<b><u>Орта жүз</u></b>
<b>Тайпасы</b>	
<b>Бөлімдері</b>	Ашамайлы, Абақ
<b><u>Тараулары</u></b>	Ашамайлы: <b><u>Шыңойлы</u></b> , <b><u>Байталақ</u></b> , <b><u>Барқым</u></b> . Абақ: <b><u>Сарбас</u></b> , <b><u>Жәдік</u></b> , <b><u>Меркіт</u></b> , <b><u>Жәнтекей</u></b> , <b><u>Ителі</u></b> , <b><u>Молқы</u></b> , <b><u>Шұбарайғыр</u></b> , <b><u>Жастабан</u></b> , <b><u>Шеруші</u></b> , <b><u>Қарақа</u></b> <b><u>Қарақас</u></b> , <b><u>Көнсадақ</u></b> , <b><u>Шимой</u></b>



Керей (карайлар) — қазақ құрамындағы көне тайпалардың бірі – Керей елінің де тарих көшінде белгілі бола бастаған кездеріндегі ғұмыр кешкен ата жұрты – сонау замандарда бірсыпыра түрік халықтарының қасиетті қонысы атанып, ғажайып ата жазу мұрағаттарымыз мәңгілікке қашалып, жазылып қалған, қазіргі моңғол даласы және оған іргелес жатқан байтақ аймақты қамтитын құтты мекеннің бір тұсы – Орхон, Оңғын, Керулен, Селеңге, Арғұн өзендерінің құйқалы алқабы еді. Керей атауының шығуы туралы әртүрлі пікірлер бар. Бірақ солардың арасында Орхон-енесай жазуларының білгір зерттеушісі, жазушы Қаржаубай Сартқожаұлының апталығымызға ұсынған қолжазбасындағы Керлін (Керулен) өзені және ол өз басын алатын Кентау тауына қатысты пікір көңілге қонымды көрінеді. Онда қазақ ғалымы көне түрік жазуларында (Мойыншор ескерткіші, VIII ғ) бұл қоныс жер аты «Кейре» түрінде көрініс бергендігін айтады. Ал Керлін алқабы ежелден керейлердің түптегі Тоғыз байырқулар қоныстанып келе жатқан төл мекен. Олар бірде «тоғыз байырқу», бірде «тоғыз оғұз», бірде «тоғыз керейлік» деп атала жүріп, ғасырлар өте келе «керейлер» боп өзгерген секілді.



## *Керейттердің көшіп қонған жерлері.*

### **Қыстаулары**


Алтай тауының солтүстігінен басқа бөліктері, Сырдарияның төменгі бөлігі, Солтүстік Қазақстан, Ертіс өзенінің алабы

### **Жайлаулары**

Алтай тауының солтүстігінен басқа бөліктері, Сырдарияның төменгі бөлігі, Солтүстік Қазақстан, Ертіс өзенінің алабы

# Жалайрлар.


Жалайыр — қазақ халқын құраған тайпалардың бірі. Шежіре бойынша, ұлы жүз құрамына енеді. Диқанбай батыр шежіресі (Н.Аристов жазып алған) бойынша, Үйсіннен — Ақсақал (абақ таңбалы), Жансақал (тарақ таңбалы) таратылады. Соңғысынан — жалайыр тарайды. Басқа бір шежіреде Майқы биден тарайтын Жансақал (тарақ таңбалы) мен жалайыр бір адам деп тұжырымдалады. Жалайырдың шын аты Қабылан екен. Аңыз бойынша, жабайы құланның жалын айырып, содан жалайыр атанған. Жалайыр сырманақ, шуманақ, бірманақ болып үшке бөлінеді. Шуманақтан — андас, мырза, қарашапан, орақты, ақбұйым, қалпе, сыпатай аталары тарайды.



***Сырманақтан: арықтыным-байшегір, балғалы, қайшылы, күшік тарайды. Бірманақтан тек сиыршы (байбөген) тарайды. Кейбір шежірелерде бірманақтың аты аталмай, сиыршыны сырманаққа жатқызады. Осыдан келіп он екі ата жалайыр атанған. Сырманақ, шуманақ атаулары Сыр мен Шу өзендерінің бойын жайлағандықтан шыққан делінеді. Ал бірманақ жеке-дара, жалғыз дегенді білдіреді. Кейбір шежірелерде жалайырдан шыққан, бір атадан тараған арықтыным-байшегірді екі атаға бөліп, он үш ата жалайыр деп аталады.. Жалайырлар 6 — 7 ғасырларда Түркі қағанатының құрамында болған. 8 ғасырда Сыр бойынан шығысқа қоныс аударады. Ол кезде олар оғыз тайпалық бірлестігінің құрамында болатын. 11 ғасырда бұл топ Цзубу одағының құрамында Хэрлэннің төменгі сағасында қидан, шүршіттермен қанаттас тұрды.***

## *Олардың шаруашылық-экономикалық құрылысы.*

Наймандар, керейіттер, жалайырлар негізінен мал шаруашылығымен айналысқан. Олардың өз малына жайылым іздеп, бір жерден екінші жерге жылына бірнеше рет көшіп жүруіне тура келді. Көші-қон шалғайлығы жер жағдайы мен мал санына байланысты болған. Қысқа пішен қоры жасалмады, бірақ көшіп-қону қыстыгүні малдың азықты өзі тауып, өз аяғынан жайыла алатындай етіп реттеліп отырылды. Деректемелер жалайырлардың, наймандар мен керейіттердің көшіп-қонуын екі түрге белуге мүмкіндік береді. Бір жағынан, азды- көпті үлкен топтар болып кешкен (күрен әдісі) және екінші жағынан, жеке әулеттер оқшауланып немесе шағын бірлестіктер болып көшіп жүрген.





Шыңғысхан империясының құрылуына байланысты көшіп-қонудың күрен әдісі жойылып, әскери ұйымдық түрі ғана қолданылады. Наймандардың басты байлығы үйірлі жылқы болды, жылқы болмайынша далада шаруашылық жүргізу мүмкін емес еді. Көшпелі үшін жылқы қатынас құралы, соғыста және қаумалап аң аулағанда мінер аты болды. Көшпелілер оның етін жеп, сүтін ішті, терісі мен жүнін пайдаланды. Ірі қара да көлік ретінде пайдаланылды: күркелі арбаға өгіздер мен сиырларды жекті. Қой малы еті, терісі мен жүні үшін ұсталды. Бірақ наймандар, керейіттер, жалайырлар бір ғана мал шаруашылығымен тіршілік ете алмайтын еді, ейткені тамақ жетіспеді. Бұл тапшылық алуан түрлі жабайы аңдар мен ішінара балық аулаумен толықтырылып отырды.



# Көрші халықтармен езара

## қатынастары

Деректемелер наймандар мен керейіттердің көрші тайпалармен соғыстары туралы мәліметтерге толы. Рашид ад-Дин былай деп жазады: «...Керейіттер көптеген тайпалармен, әсіресе найман тайпаларымен көп жауласты... Бұл кезде басқа тайпаларға қарағанда олардың күші басым әрі құдіретті болатын... керейіттердің Ван-ханымен наймандар қырғыздардың Деректемелер наймандар мен керейіттердің көрші тайпалармен соғыстары туралы мәліметтерге толы. Рашид ад-Дин былай деп жазады: «...Керейіттер көптеген тайпалармен, әсіресе найман тайпаларымен көп жауласты... Бұл кезде басқа тайпаларға қарағанда олардың күші басым әрі құдіретті болатын... керейіттердің Ван- ханымен наймандар қырғыздардың аймағы бойынша және ұйғырлар елі- мен шектесіп жатқан шел далаға дейін үнемі қырқысып, жауласып жүрді». Рашид ад-Дин наймандардың қырғыздармен, керейіттердің Цзинь мемлекетімен соғыстары туралы мәліметтер келтіреді. Соғыс кезендері көршілер- мен бейбіт қатынастар жағдайымен алмасып та отырды. Қытай деректемелерінде керейіттер мен наймандардың көшпелі көршілерімен ғана емес, сонымен қатар отырықшы





Наймандар мен керейіттерді 11 билеуші тобы ұйғырлардың ықпалымен несториан бағытындағы христиан дінін, ұйғыр жазуын, сондай-ақ мемлекеттіліктің басқа да элементтерін қабылдады. Керейіттердің танғұттармен қатынастары да осы байланыстардың дәлелі болып табылады. Мысалы, керейіттер ұлысының билеушісі Ван-ханның інісі Қарабітай (Керандай) бала кезінде танғұттарға тұтқынғы а түсіп, кейін Танғұт мемлекетінде аймақ билеушісі қызметіне дейін оскі Оның қыздарының біреуі танғұттар билеушісінің әйелі болған. Керейіттердің танғұттармен және ұйғырлармен байланыстары болғанын керейт билеушілерінің, атап айтқанда, Ван-хан мен оның ұлы Сангуннің сәтсіздікке ұшыраған кезінде танғұттар мен ұйғырлар жеріне барып паналағаны рас тайды. «Юань-ши» қазіргі Қазақстан аумағында мемлекеттік құрылымы болған қандылар мен керейіттердің өзара саяси және аумақтық байланыстарының қалыптасқанын, бірқатар қаңлы шонжарларының өкілдерінің керейіттер билеушісі Тоғұрыл Ван-ханда қызмет атқарғанын көрсетеді.



«Бухуму... Оның ата-бабалары қаңлы тайпасының ата-тегінен келе жатқан атақты адамдары. Хайланьбо (Қайранбай — Бухумудың атасы) керейіттердің Ван ханында қызмет еткен.. В. В. Бартольдтің атап айтқанындай, қаңлылар мен қыпшақтар наймандардың ұлысында да өмір сүрген. «Юань-шиде» наймандар мен қаңлылардың шонжарлары арасында тығыз туыстық байланыстар болғаны жөнінде мынадай деректер келтіріледі: «Шаостар (Чаос) наймандардан шыққан. Оның арғы атасы Тайянь (Даян) наймандардың билеушісі болған. Оның арғы атасы Цюйшулай (Күшлік)... Бэдэинь (Боде) Шаостың ұлы... Бэдэинь қаңлы тайпасынан шыққан нағашы әжесімен тұрды...». Бұған наймандар мен қаңлылардың туыстығын ертеректе VII ғасырдың екінші жартысында ұйғыр саяхатшыларының да көрсеткенің қосуға болады. Жол-жөнекей көргендері мен есіткендерін айта келіп, олар Алтайда Няньба-энь (наймандар) мен кан-ли (қаңлылар) мекендейді деп хабарлайды.

**Назарларыңызға  
рахмет!!!**